

2025 жылғы 16 мамыр

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ВСС Invest «Робокэш.кз» микроқаржы ұйымының (Zaimer.kz бренді) тұңғыш облигацияларын орналастыратын андеррайтер болды

ВСС Invest осы жылдың мамыр айында KASE-де тұңғыш долларлық облигацияларын сәтті шығарған «Робокэш.кз» МҚҰ-ның андеррайтері болды.

«Робокэш.кз» МҚҰ жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерге онлайн дербес микрокредиттер беруге мамандандырылған.

Компания 5 000 000 АҚШ доллары сомасына жылдық кірістілігі 10% болатын тұңғыш долларлық облигацияларды сәтті шығарды, айналыс мерзімі екі жылды құрайды. Бір облигацияның номиналы 100 АҚШ долларын құрайды.

«Біз KASE-де «Робокэш.кз» МҚҰ-ның тұңғыш облигацияларын сәтті шығарудың бір бөлігі болғанымызға қуаныштымыз. Бүгінгі таңда микроқаржы ұйымдары шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсетіп жатыр, өйткені олар кредиттеудің жаңа мүмкіндіктерін ұсына алады. МҚҰ облигацияларына инвестициялаудың болашағы зор болуы мүмкін, өйткені бұл сектор қарқынды дамып жатқанын атап өткен жөн», — дейді ВСС Invest компаниясының корпоративтік бизнес жөніндегі басқарушы директоры Аманат Ысқақов.

ВСС Invest компаниясының қаржылық консалтинг және андеррайтинг қызметі туралы

«ВСС Invest» АҚ Корпоративтік қаржыландыру департаментінің командасы тиісті білімі мен қаржылық консалтинг және андеррайтинг саласында, оның ішінде халықаралық нарықтарда жұмыс тәжірибесі мол кәсіпқой мамандардан тұрады. ВСС Invest компаниясының сарапшылары компаниялардың нарыққа сәтті шығуының жаңа жолдарын үнемі ойлап тауып отырады. Команданың жұмысы клиенттің ұзақ мерзімді табысқа жетуіне бағытталған.

Корпоративтік қаржыландыру департаментінің жұмысының арқасында компанияның алған марапаттары:

- Акция нарығындағы үздік андеррайтер (KASE, 2024);
- Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері (KASE, 2024);
- Акция нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері (KASE, 2024).

BCC Invest туралы

BCC Invest инвестициялық компаниясы 1998 жылдан бастап Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметін көрсетеді. BCC Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.

БАҚ-пен байланысушы тұлға:

Талита Жуматаева, тел.: +7 701 100 36 83
e-mail: tzhumatayeva@bcc-invest.kz